

Казахский, русский и иностранные языки – это предметы обучения и в то же время важное средство общения и познания. Время для освоения языков в школьной программе очень ограничено и практическое их использование имеет огромную ценность, так как дает учащимся возможность показать приобретенные умения и навыки на уроках в других сферах. Обязательное условие учебного процесса - активное и непрерывное партнерство между учителем и учеником и использование современных информационно-коммуникативных технологий.

Одна из важных педагогических задач современного обновлённого образования – «научить - учиться», т.е. «знать», «понимать», «применять», «анализировать», «синтезировать», «оценивать», учиться на протяжении всей жизни, что будет способствовать развитию новой конкурентоспособной личности.

Чтобы перейти на новый уровень нам учителям в первую очередь необходимо перестроить себя, изменить свое мышление и направить деятельность учеников в нужном направлении.

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г.
2. Королев С.И. Проблема коммуникативно-мыслительных упражнений // Коммуникативные упражнения для обучения иностранным языкам в школе и вузе: Материалы к симпозиуму, 7-9 дек. – Минск, 1967. – 43с.
3. Мильруд Р.П., Максимова И.Р. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения ИЯ. // Иностранные языки в школе, №4, 2000.
4. Павловская И. Ю. Методика преподавания иностранных языков (курс лекций на английском языке): Обзор современных методик преподавания – 2-е изд., исп. и доп. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. Ун-та, 2003.
5. Пассов, Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению [Текст] / Е.И. Пассов - М.: Просвещение, 1991. - 223 с.

ӘҢГІМЕ-ДЕБАТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚИЫСЫНДЫ ОЙЛАУ ЖӘНЕ ӨЗ ОЙЫН ЖЕТКІЗЕ БІЛУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жантыкбаева Жадыра Тургынбаевна
Қостанай педагогикалық колледжі
Опина Гулим Талгатовна
Қостанай қаласындағы НЗМ

Аннотация

Мақалада оқушылардың өз ойларын еркін жеткізу мақсатында әңгіме-дебат арқылы оқыту көрсетілген. Әңгіме-дебат арқылы оқыту қазіргі таңда оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда аса маңызды. Мақалада мұғалімдерге дебат ойыны бойынша кейс құрудың мысалдары мен түсініктемелері, ережелері келтірілген.

Аннотация

В данной статье показан опыт применения дебатной технологии в формировании коммуникативной компетенции школьников. настоящее время дебаты формируют у учащихся конкурентоспособность. Описаны механизмы разработка «кейса» и проведения дебатов.

Abstract

This article shows the experience of applying debatable technology in the formation of communicative competence of the students. Nowadays, the debates develop competitiveness among students. The mechanisms for developing a "case" and conducting debates are described.

Түйінді сөздер: пікірталас, әңгіме-дебат, сыни-көзқарас, қиысынды ойлау, қызығушылық.

Ключевые слова: дебаты, беседа-дебаты, критический подход, нестандартное мышление, интерес.

Keywords: debate, conversation-debate, critical approach, non-standard thinking, interest.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғам үшін, әрбір қазақстандық үшін жаңғырудың бірнеше жолдарына баса мән беріп, соның ішінде бәсекеге қабілеттілікке айрықша тоқталған болатын. Біз мұны қалай түсінеміз? Әуелі, бұл – алға қойған мақсаттарға жету жолында өз мүмкіндіктеріңді пайдалана отырып, өзгелерден озып шығу қабілеті. Ал бұл қабілетті арттыру үшін мектеп мұғалімдерінің мектеп оқушыларына ұсынылатын материалдары, қызығушылығын арттыру жолындағы жұмыстары жаңа ізденісті талап етеді.

Әр тұлғаның өмірде орын алып жатқан оқиғаларға, құбылысқа айтар пікірі мен қалыптасқан өз нұсқасы болады. Ол өз ойын көптің алдында қысылмай айта алуы мүмкін. Сондықтан оған ойын ауызша қорыту онайырақ. Дегенмен екінші топтағы адамдар да бар. Олар ойын ашық жеткізуден және шаршы топта сөйлеуден қаймығады. Ондай жағдай қазіргі таңның дерті ғана емес. Кезінде грек шешені Демосфен «Р» әрпіне тілі келмегендіктен, дүйім жұрттың алдында сөйлеуден қатты ұялған. Бірақ ол «Шешен боламын» деген мақсатынан бас тартпаған [1, 18б.]. Сондықтан ол жолда көп тер төккендігін оның іс-әрекеттері арқылы көз жеткізуге болады. Мысалға, ол итті алып ызасына тиіп ырылдатып өзі де соған қарап отырып үйренген, даусын шығару үшін аузына малта тастарын салып, теңіз толқынымен қатарласа сөйлеген. Демек, адам алдына мақсат қойса, кез келген қиындықты жеңе алады.

Жоғары да айтылған ақпарат қазіргі таңда өріс алып келе жатқан пірікталас мәдениетімен байланысты. Ол қазіргі жастардың өздерінің ойларын ашық жеткізу және қоғамда болып жатқан жайттарға бей-жай қарамайтындығын білдіреді. Ол үшін алдымен пікірталас дегеніміз не және оның қандай түрлері бар деген тақырып көлемінде ой тарқатайық.

Пікірталас – түрлі көзқарас, ой-пікірлерді қатар қою, салыстыру, салғастыру арқылы өзінің көзқарас, ой-пікірін дәлелдеу. Пікірталас – жастарды көшбасшылыққа баулудың бір құралы. Онда қатысушылар өздерінің ойын қатарластары арасында ешбір кедергісіз жеткізеді. Ол берілген тақырыпты өзінің тұрғысынан жеткізбес бұрын, оны мұқият оқып зерттейді, тақырыпқа қажетті мәліметтер жинайды. Демек, ойын қатысушының ізденушілік қасиетін арттырады және дүниетанымының кеңеюіне септігін тигізеді.

Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу – оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі. Ол субъектіге тартылатын әңгімелесудің үш түрін құрайды: әңгіме-дебат, кумулятивтік әңгіме, зерттеушілік әңгіме [2, 51б.].

Осыны негізге ала отырып, диалогтік оқытудың әңгіме-дебат түрін күнделікті сабақта қолданып жүрген әдістеменің бір түрімен бөлісеміз.

Әңгіме-дебаттың оқыту үдерісіндегі ең басты қызметі – танымдық қызығушылықты ынталандыру, оқушыларды қандай да мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды белсенді түрде талдауға қатыстыру. Әңгіме-дебат өткізу үшін оқушылардың дайындығы, талданатын мәселе бойынша кем дегенде екі қарама-қарсы көзқарас болу керек. Білімсіз және заңдылықтарсыз өткен пікірсайыс жүйесіз мәселеден ауытқып, нәтижесіз өтеді. Сондықтан назарларыңызға пікірталастың мынадай заңдылықтарын ұсынғымыз келеді.

Дебатта қарар, яғни тақырып деген ұғым бар. Қарар жүйелі ұсынылса, әрі қарай ойын да екі тараптан белсенді өтеді. Демек, бір сөзбен қарар дегеніміз – ол тұжырым. Ал, қарарды таңдау барысында мынаны ескерген жөн:

- Форматқа сай болуы;
- Жас ерекшелігі (тыңдаушы мен ойыншы);
- Қоғамдағы өзекті мәселелер.

Пікірталастың да өз ұстанатын қағидалары мен заңдылықтары бар. Сол заңдылықтар сақталған кезде ғана сапалы пікірталас өтеді.

Пікірталастың екі түрі бар:

1. Құндылық;
2. Саяси.

Құндылықтың ерекшелігі тақырып аясындағы мәселенің дұрыс немесе бұрыстығына дәлелдер (аргумент) келтіру. Ал саяси пікірталастың ерекшелігі тақырып бойынша мәселені анықтау және оның тиімді шешу жолдарын ұсыну қажет [3, 12б.].

Тәжірбиеден мысал келтірер болсақ, 7-сыныптың қазақ тілі пәні бойынша оқу жоспарының 3-тоқсанында «Дұрыс тамақтану. Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар» бөлімі берілген. Аталмыш бөлімде Т/А6. Сөйлеу мәдениетін дамыту мақсаты бар. Осы мақсатты бағалау критерилері: коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданады; пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай біледі. Сабақ барысында оқушылар суреттер арқылы тақырыпты болжайды және сол бойынша суретті сөйлете білуі қажет.

Кейін тақырып бойынша назарларына бейнебаян ұсыналады. Осы тұста мұғалім сабақ мақсатына жету үшін диалогтік оқытудың әңгіме-дебат түрін қолданғаны жөн. Құндылық форматында жақтаушы топтарға: «Бұл топ ГМО-ның әсеріне ұшыраған тағамдар зиянды деп есептейді» тақырыбы, ал даттаушы топтарға: «Бұл топ ГМО-ның әсеріне ұшыраған тағамдар зиянды деп есептемейді» тақырыбы ұсынылады. Тақырыпты ашпас бұрын оқушылар әңгіме-дебатты жүзеге асыру және тақырыптың жүйелі құрылуы үшін кейс құрастыру ережелерін білуі керек.

Сонымен қатар құндылық форматында «Тағам» бөлімі бойынша төменде көрсетілген тақырыптар бойынша пікірталас алаңын құруға болады. Жақтаушы топтарға: «Бұл топ фастфуд тағамдарын қолдануға шектеу қояды», ал даттаушы топтары: «Бұл топ фастфуд тағамдарын қолдануға шектеу қоймайды» тақырыбында кейс дайындайды.

8-сыныптың қазақ тілі пәні бойынша оқу жоспарында «Биоалуантүрлілік» бөлімі берілген. Бұл бөлім биология пәнімен сабақтасатын болғандықтан, оқушылардың пәнге деген білімдерін естеріне түсіреді. Сондықтан білім алушыларға қоғамда маңызы бар, талқылауға қызықты тақырыптар ұсынамыз. Жақтаушы топтарға: «Жануарларды хайуанаттар бағында ұстау дұрыс деп есептейді», ал даттаушы топтарға: «Жануарларды хайуанаттар бағында ұстау керек емес деп есептейді». Бұл тақырыптар да құндылық форматының түрінде жүргізіліп, оқушылар екі жақты пікір алмасады.

Ал дебаттың екінші түрі саяси форматқа келетін болсақ, 8-сыныптың қазақ тілі пәні бойынша оқу жоспарында «Су» бөлімі берілген. Орта мерзімді сабақ жоспарында 8Т/А5. тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау және ӘТН2. орфоэпиялық норма мақсаттары бойынша бағалау критерийлері: проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіреді; мәселенің шешу жолдарын ұсынады; өз жауабын өзгенің жауабымен салыстырып, талқылайды; сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады. Мұғалім мақсатты жүзеге асыру үшін, «Бұл топ су тапшылығының алдын алу жұмыстары бойынша тиімді механизм ұсынады» тақырыбын, саяси форматта диалогтік оқытуды әңгіме-дебат түрі арқылы жүзеге асырады. Саяси форматтың құндылық форматына қарағанда өзіндік ерекшелігі мен кейс құру заңдылығы бар.

Аты айтып тұрғандай, оқушылар саяси форматында берілген тапсырманы орындау барысында жаһандық және отандық мәселелермен танысады, зерттейді, талдайды. Кейін сол мәселеге қатысты шешу жолдарын ұсынады.

Сонымен қатар, әңгіме дебатты төменде берілген әдіс-тәсілдермен тығыз байланыстыра отырып, жүзеге асыруға болады. «Мәселелерді зерттеу ағашы»,

логикалық мағынаға негіздерген эвристикалық жобалау технологиясы, SWOT талдауы, «Себеп-салдар айналмасы» – бұл әдіс-тәсілдер арқылы оқушылар тақырып бойынша тек мәселені көтеріп қана қоймай, оны кеңірек ашуға тырысады. Мәселенің өзектілігі мен туындау себебін, өзінің көзқарасы мен шешу жолдарын анықтайды. Демек, бұдан көріп отырғанымыздай, жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдердің құрылымы диалогтік оқытудың әңгіме-дебат түрімен байланысты екендігін байқауға болады.

Қорытындылай келе, әңгіме-дебат оқушылардың бойына мынадай дағдыларды дамытуына ықпалын тигізеді:

- диалогтік оқыту әдісін қолдана отырып, талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну дағдыларын қалыптастырады;

- оқушылар әңгіме-дебат түрі арқылы сөйлесім әрекеттерінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, тілдесім) меңгере біледі;

- оқушылар алған білімдерін өмірде, кез келген жағдайда әлеуметтік ортада қолдана алуға үйренеді;

- әлеуметтік талаптарына сай келу үшін, оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба білуге үйренеді;

- оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытады;

- дүниетанымы кеңейеді;

- тақырыпты нақты аргументтер арқылы дәлелдеп үйренеді.

- бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына ықпалдасады;

- оқушы сыныптастарымен пікір алмастыру барысында алған білімін жазылым тапсырмасында нақты тұжырымдап, қорытындылай алады.

Елбасы озық 30 елдің қатарына кіру үшін болашақ жастардың әлемдік стандартқа сәйкес білім алуларын көздейді. Ал қазіргі білім жүйесінің мақсаты оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттырып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Аталмыш мақсатты жүзеге асыру үшін, біз өз тәжірибеміздегі қолданып жүрген методиканың бір бөлігін назарларыңызға ұсындық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Негимов С. Шешендік өнер А. 1997.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 2012ж. (III деңгей)
3. П.Жданов, Дебаты. Искусство побеждать, Актуальная литература, 2009 г.

АКАДЕМИЧЕСКОЕ ПИСЬМО В ВУЗЕ: К ПОСТАНОВКЕ ПРОБЛЕМЫ

Жаркова Валентина Ивановна,
канд. филол. наук, доцент

Конвисарова Людмила Александровна,
магистр педагогических наук,
г. Костанай

Аннотация

Мақалада қазіргі білім мазмұнының өзекті мәселелері қарастырылады, жастарды оқытуда жаңа әдістердің ерекшелігіне назар аудару, модульдік білім бағдарламасына академиялық жазуды ғылым ретінде еңгізудің қажеттілігін бекіту.

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные проблемы содержания современного образования, обращается внимание на особенности новых подходов в обучении молодежи, утверждается необходимость включения в модульную образовательную программу академического письма как трансдисциплинарной науки.

Abstract

The article deals with actual problems of the content of the modern education. Much attention is given to the specificities of new approaches in education of young people. The article approves